

**"Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1149 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 735 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 603 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1149 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 80-81-82, 592-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 9 қарашадағы  
№ 735 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 1149 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 84-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті қалыптастыру мен бекіту тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган – кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласында басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

2) кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есеп (бұдан әрі – есеп) – мемлекеттік басқарудың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын реттеуші мемлекеттік орган қалыптастырған есеп;

3) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есеп (бұдан әрі – жылдық есеп) – уәкілетті орган қалыптастырған есеп;

4) реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есеп (бұдан әрі – РӘТ жөніндегі есеп) – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы қалыптастырған есеп;

5) реттеуші мемлекеттік органдар – мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын, реттегіш құрал енгізілген немесе енгізілуі жоспарланып отырған мемлекеттік органдар.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті әзірлеу және бекіту тәртібі**

3. Жылдық есепті уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жыл қорытындылары бойынша есептердің және РӘТ жөніндегі есептердің негізінде қалыптастырады.

4. Есептер/РӘТ жөніндегі есептер реттеуші мемлекеттік органдардың/ облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылады және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірілмей уәкілетті органға енгізіледі.

5. Есеп мыналар жөніндегі ақпаратты қамтиды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беру құжаттары;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпараттық құралдар ;

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзін-өзі реттеу ұйымдары;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеушілік әсерді талдау жөніндегі ақпарат.

6. Реттеуші мемлекеттік органдардың осы Қағидалардың 5-тармағының 1), 2), 3) 4) және 5) тармақшаларында көзделген ақпараты талдануға жатады және мыналарды қамтитын талдамалық жазбалармен сүйемелденеді:

1) рұқсат беру құжаттары жөніндегі ақпаратқа талдамалық жазба, онда: мемлекеттік орган реттейтін салалардағы рұқсат беру құжаттарының саны мен атауы;

халықаралық шарттарға сәйкес енгізілген рұқсат беру құжаттарының саны мен атауы (акт деректемелері мен оның құрылымдық элементін көрсете отырып); есепті кезеңде берілген рұқсат беру құжаттарының саны;

әкімшілік кедергілерді қысқарту туралы жүргізілген жұмыс жөніндегі ақпарат (төмен деңгейге ауыстыру, рұқсат беру құжатын алып тастау, рұқсат беру құжатын беру мерзімін және оны беруге қойылатын талаптарды оңтайландыру) қамтылады.

Ескертпе: мемлекеттік органның құзыретіне жататын барлық рұқсат беру құжаттары бойынша бір ортақ талдамалық жазба толтырылады;

2) мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі ақпаратқа талдамалық жазба, онда:

өткен ұқсас кезеңмен салыстырғанда мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында жүргізілген ағымдағы ахуалды талдау нәтижелері;

мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу нәтижелері бойынша сандық және сапалық көрсеткіштердің серпіні (төмендеу және ұлғаю);

өткен кезеңмен салыстырғанда бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адамның өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру тәуекелін, ықтималдығын төмендетуді қамтамасыз ететін мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігі;

тексерілетін адал субъектілерді көтермелеу, бақылауды және қадағалауды бұзушыларға шоғырландыру негізінде мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың жүргізілуіне байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің заңнама талаптарын сақтауы үшін оларды ынталандыру жөніндегі шаралар туралы ақпарат;

бақылау және қадағалау салаларында адам өмірінің және денсаулығының, қоршаған ортаның қауіпсіздігін, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін

, мемлекеттің мүлкітік мүдделерін сақтауды қамтамасыз ететін бақылаудың және қадағалаудың баламалы нысандарын енгізу және жетілдіру туралы ақпарат;

мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылады;

3) ақпараттық құралдар жөніндегі ақпаратқа талдамалық жазба, онда: мыналарды:

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ақпараттық құралдардың саны мен атауын;

электрондық/қағаз форматқа бөлініп ұсынылған ақпараттың саны туралы мәліметтерді;

ақпаратты басқа реттеуші мемлекеттік органға ұсынудың қайталануы туралы мәліметтерді;

ақпараттық құралдарды оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, ұсынылған ақпаратты талдау қамтылады;

4) өзін-өзі реттеу ұйымдары жөніндегі ақпаратқа талдамалық жазба, онда: реттелетін саладағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың жұмыс істеуін талдау;

өзін-өзі реттейтін ұйымдардың саны туралы және өзін-өзі реттеу енгізілген мемлекеттік басқару салалары немесе аялары туралы мәліметтер;

өзін-өзі реттеуді енгізу жоспарланатын мемлекеттік басқару салалары немесе аялары;

өзін-өзі реттеу институтын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылады;

5) реттеушілік әсерді талдау жөніндегі ақпаратқа талдамалық жазба, онда:

реттеушілік әсерді талдау рәсімі жүргізілген талаптардың саны;

оң және теріс қорытындылардың саны көрсетіле отырып, реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы алынған қорытындылардың саны;

мыналарды:

қайта қарауға жоспарланған талаптардың санын;

қайта қаралған талаптардың санын;

қайта қарау қорытындылары бойынша қабылданған шешімдер туралы мәліметтерді қоса алғанда, қолданыстағы реттегіш құралдарды қайта қарау жоспарының орындалуын талдау;

мыналарды:

өткізу орны мен уақытын көрсете отырып, қатысушылардың саны туралы ақпаратты;

жаңа талаптарды орындаумен байланысты қаржылай пайдалар мен шығасыларды (монеталануын) талдауды;

мемлекеттік органның реттеу қызметі саласындағы келесі жылға арналған болжамды реформалардың жоспарларын қоса алғанда, реттеушілік әсерге талдау жүргізу практикасын оқыту бойынша іс-шараларға қатысуды талдау қамтылады.

7. РӘТ жөніндегі есеп өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын әзірлеушілердің, өңірлік палатаның және басқа мүдделі тұлғалардың осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы берілген қорытындылар туралы ақпараттан тұрады және талдамалық жазбамен сүйемелденеді.

8. Талдамалық жазба мыналарды қамтиды:  
теріс қорытындылар беру себептері, оның ішінде:  
қоғамдық талқылауларды өткізбеу;  
проблеманы және реттеу мақсатын дұрыс айқындамау;  
баламалы реттеу тәсілдерінің болмауы (тиімсіз баламалар);  
шығасылардың (монеталанудың) есебін жүргізбеу;  
баламалы реттеушілік әсерге талдау жүргізу туралы ақпаратты талдау (жалпы саны, кім жүргізді);

мыналарды:

қайта қарауға жоспарланған талаптардың санын;

қайта қаралған талаптардың санын;

қайта қарау қорытындылары бойынша қабылданған шешімдер туралы мәліметтерді қоса алғанда, қолданыстағы реттегіш құралдарды қайта қарау жоспарының орындалуын талдау;

мына:

өткізу орны мен уақытын көрсете отырып, қатысушылардың саны туралы ақпаратты қоса алғанда, реттеушілік әсерге талдау жүргізу практикасын оқыту бойынша іс-шараларға қатысуды талдау қамтылады.

9. Уәкілетті орган есептер және РӘТ жөніндегі есептер түскен кезден бастап оларды күнтізбелік 60 күн ішінде қарайды және нәтижелері бойынша жылдық есепті қалыптастырады.

10. Жылдық есепті қалыптастыру кезеңінде қажет болған кезде, бірақ осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалған жылдық есепті қалыптастырудың мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей уәкілетті орган есептерді/РӘТ жөніндегі есептерді пысықтау үшін ескертулерді алған сәттен бастап оларды күнтізбелік 10 күн ішінде пысықтайтын тиісті реттеуші мемлекеттік органға/облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына жолдайды.

11. Жылдық есеп оны Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияда (бұдан әрі – ВАК) мақұлдау арқылы бекітіледі.

12. Уәкілетті орган қалыптастырған жылдық есеп есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін ВАК қарауына шығарылады.

Жылдық есепті пысықтау бойынша ВАК ұсынымдары болған жағдайда уәкілетті орган күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей оған тиісті түзетулерді енгізеді, одан кейін ВАК қарауына қайта шығарады.

13. Жылдық есеп бекітілген сәттен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Қазақстан Республикасында  
кәсіпкерлік қызметті реттеудің  
жай-күйі туралы жылдық есепті  
әзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

### Рұқсат беру құжаттары жөніндегі ақпарат\*

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

1.	Рұқсат беру құжатының атауы	Рұқсат беру рәсімінің талаптарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісіне немесе жеке тұлғаға берілетін құжаттың толық атауы көрсетіледі. . Мысалы: (1) Тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттау туралы куәлік; (2) Медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензия; (3) Дәрілік заттарға арналған тіркеу куәлігі
2.	Рұқсат беру құжаты қандай деңгейде беріледі	Орталық деңгейде _____ Орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі _ Жергілікті атқарушы орган _____ Мемлекеттік органға ведомстволық бағынысты ұйым филиалы (аумақтық бөлімшесі) _ —
3.	Рұқсат беру құжаты енгізілген күн	Рұқсат беру құжатын беру рәсімін белгілейтін соңғы нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні. Рәсімдегі өзгерістерді белгілейтін нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні көрсетілмейді
4.	Өтініш берген кезден бастап рұқсат беру құжатын берудің ең	Жоқ _____ Иә _____ Күндер саны _____

	ұзақ мерзімдері заңнамада көзделген бе	Жұмыс күндері пайдаланыла ма __ __ күнтізбелік күндер __
5.	Рұқсат беру құжаты берілетін халықаралық шарттардың атауы мен бап нөмірі	Оған сәйкес рұқсат беру құжаты енгізілген халықаралық шарттың толық атауы жазылады, рұқсат беру құжатын енгізудің қажеттілігін айқындайтын халықаралық шарт бабының (баптарының) немесе тарауының (тарауларының) нөмірі және (немесе) атауы жазылады
6.	Рұқсат беру құжатын бергені үшін төлемақы алына ма. Егер алынса, оның мөлшерін көрсетіңіз.	Жоқ____ Иә ____ бағасы ____ теңге/ айлық есептік көрсеткіш /өзге
7.	Рұқсат беру құжатының енгізілуімен шешілуге тиіс проблеманың немесе бүгінгі таңда шешіліп жатқан проблеманың сипаты	Рұқсат беру құжаты шешетін немесе шешуге бағытталған проблеманы сипаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік құқықтық актілерде декларацияланған рұқсат беру құжатын енгізу мақсаттарымен сәйкес келуге тиіс. Осы бөлікте проблеманы сипаттау декларативті болмай, рұқсатты енгізудің (қолданудың) декларацияланатын мақсаты мен рұқсат арқылы оған қол жеткізу тетіктері арасындағы себеп-салдарлық байланысты көрсететін дәлелді жауап беруге тиіс
8.	Рұқсат беру құжатының қолданылу мерзімі (қандай мерзімге беріледі)	Нормативтік құқықтық актілерге сәйкес рұқсат беру құжатының қолданылуының барлық ықтимал мерзімі көрсетіледі. Мысалы, егер мемлекеттік орган рұқсат беру құжаттарын бір жылға немесе 3 жылға немесе 15 жылға берсе, "1 жылдан 15 жылға дейін" деген белгі қойылады. Егер рұқсат беру құжатының қолданылу мерзімі шектелмеген болса, "шектелмеген" деген белгі қойылады
9.	Осылардың негізінде рұқсат беру құжаты берілетін Қазақстан Республикасының кодекстері мен заңдарының, Президент Жарлықтарының атауы, бабының, тармағының және тармақшасының нөмірі, Үкімет қаулыларының, мемлекеттік органдар бұйрықтарының немесе басқа	Оған сәйкес рұқсат беру құжаты енгізілген Қазақстан Республикасы Заңының толық атауы, рұқсат беру құжатын енгізудің қажеттілігін

	нормативтік құқықтық актілердің атауы	айқындайтын Қазақстан Республикасының Заңы бабының (баптарының) нөмірі жазылады
10.	Есепті кезеңде берілген аталған түрдегі/кіші түрдегі рұқсат беру құжаттарының саны	Бір рұқсат беру құжатының берілген түрлерінің/кіші түрлерінің саны көрсетіледі
11.	Есепті кезеңде рұқсат беру құжатын беруден бас тарту саны	Рұқсат беру құжатын беруден бас тарту саны көрсетіледі
12.	Есепті кезеңде рұқсат беру құжатын беруден бас тарту негіздері	Рұқсат беру құжатын беруден бас тарту негіздері көрсетіледі
13.	Есепті кезеңде рұқсат беру құжатының талаптарына сәйкестілікті тексерулер саны	Рұқсат беру құжатының талаптарына сәйкестілікті тексерулер саны көрсетіледі
14.	Есепті кезеңде рұқсат беру құжатының талаптарына сәйкестілікті тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар саны	Рұқсат беру құжатының талаптарына сәйкестілікті тексеру кезінде анықталған бұзушылықтардың саны көрсетіледі
15.	Есепті кезеңде рұқсат беру құжатының талаптарына сәйкестілікті тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар үшін салынған айыппұл санкцияларының саны және айыппұлдардың жалпы сомасы	Салынған айыппұлдардың саны ____ Айыппұлдар үшін алынған төлемдердің жалпы сомасы ____ теңге
16.	Рұқсат беру құжатын беру тәртібін бұзу туралы берілген шағымдардың саны және олардың нәтижелері (қанағаттандырылған шағымдар бойынша жауапкершілікке тартылған лауазымды адамдардың саны)	Расталған (қанағаттандырылған) шағымдардың саны және олардың нәтижелері көрсетіледі (берілген, тоқтатылған, күші жойылған, мерзімі ұзартылған, қайта басталған және қолданылуын тоқтатқан рұқсаттар)
17.	Есепті кезеңде тоқтатылған, қайта ресімделген, күші жойылған, мерзімі ұзартылған, қайта басталған, қолданылуын тоқтатқан және алып қойылған рұқсат беру құжаттарының саны	Тоқтатылғандардың саны ____ Қайта ресімделгендердің саны ____ Күші жойылғандардың саны ____ Қайта басталғандардың саны ____ Қолданылуы тоқтатылғандардың саны ____ Алып қойылғандардың саны ____
18.	Әкімшілік кедергілерді қысқарту (төмен деңгейге ауыстыру, рұқсат беру құжатын алып тастау, рұқсат беру құжатын беру мерзімдерін, беруге қойылатын талаптарды оңтайландыру)	Рұқсат беру құжатын беру кезінде әкімшілік кедергілерді төмендету мүмкіндігі көрсетіледі.

\* Бұл нысан мемлекеттік органның құзыретіне жататын әрбір рұқсат беру құжатына бөлек толтырылады.



жай-күйі туралы жылдық есепті  
 әзірлеу және бекіту  
 қағидаларына  
 2-қосымша  
 1-нысан

**Мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын реттеуші мемлекеттік органның ақпараты**

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

P/c №	Мемлекеттік бақылау және қадағалау саласы	Кәсіпкерлік субъектілері санаттар бойынша бөліністе	Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ерекше тәртіппен жүргізілген тексерулердің саны / Нәтижесінде бұзушылықтар анықталмаған тексерулердің саны	Кәсіпкерлік субъектілеріне бару арқылы жүргізілген профилактикалық бақылау және Нәтижесінде бұзушылықтар анықталмаған, жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау саны	Кәсіпкерлік кодекстің 129-бабының 4-тармағында көзделген негіздер бойынша жүргізілген тексерулердің және Кәсіпкерлік кодекстің 141-бабының 3-тармағының он бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау саны (негіздер бөлінісінде көрсетіледі)/ Нәтижесінде бұзушылықтар анықталмаған, жүргізілген осындай тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалау саны
1	2	3	4	5	6
1		шағын кәсіпкерлік субъектілері			

2		микрокәсіпкерлік субъектілері			
3		орта кәсіпкерлік субъектілері			
4		ірі кәсіпкерлік субъектілері			
5	Барлығы:				

кестенің жалғасы

Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жоспардан тыс жүргізілген тексерулердің саны*/ Нәтижесінде бұзушылықтар анықталмаған тексерулердің саны	Кәсіпкерлік субъектілеріне бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау саны	Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тоқтатылған/қайта басталған тексерулердің және профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың саны (салық тексерулерін қоспағанда)	Профилактикалық бақылау және қадағалау мен тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалған/орындалмаған ұсынымдардың, қорытындылардың, анықтамалардың, хабарламалар мен ұйғарымдардың саны	Тексерулер нәтижесі бойынша салынған әкімшілік жазалар саны және тексерулер нәтижелері бойынша салынған әкімшілік айыппұлдар сомасы	Тіркеуден бас тартылған тексерулерді тағайындау туралы актілер саны	Бару арқылы тексерулер мен профилактикалық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібінің бұзылғаны үшін берілген қанағаттандырылған шағымдардың саны және олардың нәтижелері (қанағаттандырылған шағымдар бойынша жауапкершілікке тартылған лауазымды адамдардың саны)
7	8	9	10	11	12	13

2-нысан

		Тәуекелді бағалау жүйесінің бірлескен бұйрықтарының (өлшемшарттардың және тексеру парақтарыны				
--	--	-----------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--

Р / с №	Мемлекеттік бақылау және қадағалау саласы	н) бекітілген күні және атауы, есепті кезеңде тәуекелді бағалау жүйесінің бірлескен бұйрықтарына өлшемшарттарға және тексеру парақтарына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу (бар болған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтың нөмірі мен күні көрсетілсін)	Есепті кезеңде тексеру парақтары талаптарының азаюы немесе көбеюі ( негіздемелері мен қоса қысқартылған немесе қосылған талаптар саны )	Өткен кезеңмен салыстырғанда адал кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ бұзушылардың азаюы немесе көбеюі	Мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті бар / бекітілген мемлекеттік органның лауазымды адамдарының саны/бірлігі	Апелляциялық комиссияның шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған оң/теріс қорытындылардың саны ( бар болған жағдайда)
1.	2	3	4	5	6	7
2.						
3.						
...						

Реттеуші мемлекеттік органның есебі реттеуші мемлекеттік органның құзыретіне және 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 138 және 139-баптарына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау салалары бөлінісінде толтырылады және мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың әр саласын талдауға арналған.

\* Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жоспардан тыс жүргізілген тексерулер саны Кодекстің 144-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бөлінісінде ұсынылады.

Қазақстан Республикасында  
кәсіпкерлік қызметті реттеудің  
жай-күйі туралы жылдық есепті  
әзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Ақпараттық құралдар жөніндегі мәліметтер

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның/облыстың атауы)

Ақпараттық құралдарда құжаттарды, хабарламалар мен анықтамаларды, салық, қаржы және басқа есептілікті, басқа құжаттарды ұсыну, өнім құрамын декларациялау, банкроттық туралы деректерді жариялау, кәсіпорындар меншігінің өзгеруі және басқалар қамтылады.

P/c №	Есептіліктің атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементіне сілтеме	Есептілікті ұсыну кезеңділігі	Есептілікті ұсыну нысаны (эл.формат/қағаз)	Есептілікті ұсыну мақсаты	Есептілікті ұсынатын субъект	Есептілікті оңтайландыру мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
...							

Қазақстан Республикасында  
кәсіпкерлік қызметті реттеудің  
жай-күйі туралы жылдық есепті  
әзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

## Өзін-өзі реттеу ұйымдары жөніндегі ақпарат

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

1.	Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілген және/немесе ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу ұйымдары қызмет ететін реттеу салалары	
2.	Талданатын салалардағы өзін-өзі реттеу ұйымдарының (міндетті және ерікті мүшелікке негізделген) саны	
3.	Әрбір өзін-өзі реттеу ұйымындағы мүшелердің санын көрсете отырып, өзін-өзі реттеу	

	ұйымдарының атауы, сондай-ақ олардың қызмет түрі	
4.	Реттеуші мемлекеттік органдар орындайтын, міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуге берілуі мүмкін функциялардың тізбесі	
5.	Өзін-өзі реттеу ұйымдарының "Өзін-өзі реттеу туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келісілген стандарттары мен қағидаларының болуы	
6.	Міндетті қатысуға (мүшелікке) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілуі мүмкін әлеуетті қызмет салаларының немесе түрлерінің атауы	
7.	Міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеу ұйымдарына есепті жылы түскен шағымдардың саны, шағымдарды қарау нәтижелері бойынша өзін-өзі реттеу ұйымдарынан өндіріп алынған залалдың мөлшері _____ мың теңге	

Қазақстан Республикасында  
кәсіпкерлік қызметті реттеудің  
жай-күйі туралы жылдық есепті  
өзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

### Реттеушілік әсерді талдау жөніндегі ақпарат\*

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

1.	Реттегіш құралдың және (немесе) реттеуді қатаңдатуының атауы	
2.	Оның шеңберінде реттегіш құрал және (немесе) реттеуді қатаңдату енгізілген құжаттың атауы	
3.	Өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын қоспағанда, реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы алынған қорытындылардың саны	

	(қорытындылардың, оның ішінде оң қорытындылардың жалпы саны көрсетіледі)			
3.1.	Теріс қорытынды алу негіздемелері (бағандар әрбір қорытындыға қатысты толтырылады)			
	Қоғамдық талқылаудың болмауы	Шығасылар есебінің (монеталануының) болмауы	Баламалы реттеу тәсілдерінің болмауы	Өзге
1.				
2.				
3.				
....				
Барлығы				
4.	Реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізу туралы ақпарат (кім және қашан жүргізді)			
5.	ВАК-тың жаңа реттегіш құралды енгізу немесе реттеуді қатаңдатуды қарау нәтижелері туралы ақпарат (хаттаманың күні мен нөмірі)			
6.	Реттегіш құрал немесе реттеуді қатаңдату қолданысқа енгізілген күн			
7.	Енгізілетін реттегіш құралдан немесе реттеуді қатаңдатудан шығасылардың есебі (монеталануы)			
8.	Қайта қарау жоспарын орындау шеңберінде жүргізілген реттеушілік әсерді талдау		Жоқ ____ Ия ____	

\* Әрбір талапқа толтырылады.

Қазақстан Республикасында  
кәсіпкерлік қызметті реттеудің  
жай-күйі туралы жылдық есепті  
әзірлеу және бекіту  
қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**Өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын әзірлеушілердің, өңірлік палатаның және басқа мүдделі тұлғалардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы берілген қорытындылар туралы ақпарат**

\_\_\_\_\_ (облыстың,  
республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік саласында  
басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органының атауы)

	Реттеушілік әсерді талдау рәсімдерін сақтау туралы берілген	
--	-------------------------------------------------------------	--

1.	қорытындылар саны (оң және теріс қорытындылардың санын көрсете отырып)	
2.	Реттегіш құралды енгізуді немесе реттеуді қатаңдату жоспарлау кезінде реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы берілген қорытындылардың саны ( оң және теріс қорытындылардың санын көрсете отырып)	
3.	Қайта қарау жоспарын орындау шеңберінде реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы берілген қорытындылардың саны (оң және теріс қорытындылардың санын көрсете отырып)	
4.	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі жанындағы ведомствоаралық сипаттағы мәселелер жөніндегі консультативтік-кеңесші орган мақұлдаған реттегіш құралдардың немесе реттеуді қатаңдату саны ( хаттама күні мен нөмірі)	
5.	Реттегіш құрал немесе реттеуді қатаңдату қолданысқа енгізілген күн	